




Сөйлесе білу де өнер



САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ: *БАЛАЛАРДЫҢ «СӨЗ», «СӨЗ ҚҰДІРЕТІ», «ТІЛ ТАБЫСУ» ҰҒЫМДАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕРІН КЕҢЕЙТУ.*

САБАҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

СӨЗДІ ТҮСІНЕ БІЛУ ,СӨЙЛЕСУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

АДАМДАРМЕН ЖАҒЫМДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ІСКЕРЛІКТЕРІН ДАМЫТУ.

ӨЗАРА СЫЙЛАСТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ.

САБАҚТЫҢ КӨРНЕКІЛІГІ: *СЛАЙДТАР*





Бір ауыз сөз

Сөзі: Қ.Салықовтікі


Әні: Ш.Әбілтаевтікі

*Бір ауыз сөз қасіретті тияды,
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз жаман атқа қияды.*

*Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,
Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.
Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп,
Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды.*

*Бір ауыз сөз жан тетігін табады,
Бір ауыз сөз мың әуреге салады.
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,
Бір-ақ ауыз сөз айтысып қалады!*





Әмір Темір Үндістанға барған сапарында сол жердің өнерпаздарын шақыртып алып: «Осы шаһарда асқан бір сазгер бар дегенді үлкендерден естігенім бар еді», - дейді. «Ол – мына кісі», - деп, бір соқырды Әмірдің алдына алып келеді. Сазгердің өнеріне әбден риза болған патша одан: «Есімің кім болады?» - деп сұрайды. «Атым – Мемлекет (өзбекше Дәулет-деген мағынаны білдіреді)», - дейді сазгер. «Мемлекет те соқыр бола ма екен?» - дейді патша жымыып. Сонда зағип сазгер: «Егер мемлекет соқыр болса, ақсақты үйіне кіргізбес еді зой!» - депті. Сазгердің тапқырлығына риза болған Темір оған көп сый –сыяпат беріп, шығарып салған екен.

Үлкен ақылдылықтың өзіндік белгісі – аз сөзбен көп нәрсені айта алуы, ал келте ақылға, керісінше, көп сөйлеп, бірақ еш нәрсе айта алмаушылық тән.

Ф.Ларошфуко.



Сөз сөйлеушінің ойын, сезімін білдіріп қана қоймайды, оның мінездемесі де болып табылады. Сондықтан кісінің тәрбиелік деңгейі көбіне сөзінің сипатынан байқалады.

Халық қашанда сөздің адамдар арасындағы атқаратын қызметіне, сөйлесудің парқына мән берген. Шынында да, адамның адам болып тұлғаланып, кемелденуінде сөздің атқарған рөлі баға жеткісіз.



***Сөз** – адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-тұқияннан бері жасалып, қорланып, келе жатқан ақыл – ой жәдігерлігі, әсемдік қазынасы. Сондықтан да сөзді шаппа – төк тегін дүние көріп, оңды-солды талғаусыз айта берсең, жұғымы, қадірі болмайды. Білімпаздар айтқандай: «Сөз қадірі – адамның өз қадірі, сөз құпсыздың өзі құпсыз»*



An illustration of a spiral-bound notebook with two blank pages. On the left side, a boy with blonde hair in blue overalls and a girl with red hair in a blue shirt and yellow pants stand next to a blue backpack with a smiling face. The boy is holding a large red pencil. In the top left corner, there is a smiling sun and a green vine with leaves. The background is a light green gradient.

Үш көз

1. *Су анасы – бұлақ.*
2. *Жол анасы – тұяқ.*
3. *Сөз анасы – құлақ.*

Таза мінсіз асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Асан Қайғы

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез,
Нұрын, сырын, көруге,
Көкірегінде болсын көз.
Абай

Жақсы сөзді ел жаттар,
Ел жаттар сөзде салмақ бар.
Жамбыл

Жақсының сөзі майдадай
Жаманның сөзі найзадай
Қашаған Күржіманұлы






Дәйек сөз
**І.Омаровтың «Сөзді бағалау, сөзге
тоқтау, сөзден мағына іздеу адамды
мәдениеттендіре түседі»**



- 1) *Адамдармен қалай тез тіл табысуға болады?*
- 2) *Бейтаныс адамдармен жолыққанда сөзді қалай бастап, қалай аяқтаған жөн деп ойлайсың?*
- 3) *Сөзді әр кез тура мағынасында қабылдау қажет пе? Неге?*
- 4) *"Сәлем –сөздің анасы" дегенді қалай түсінесіңдер?*
- 5) *Сәлемдесу кезінде адамдардың бір-біріне деген ықыластары қалай өзгереді?*
- 6) *Тыңдай білетін және өзіңді түсіне алатын адаммен сөйлесу адам жанына қуат береді ме?, жақандай әсер қалдырады.*
- 7) *Сөйлеген кезде шындыққа сүйеніп, туралықты айту адам жанының тазалығын көрсетеді ме?*
- 8) *Мәдениетті адам не айту керектігін алдын ала ойланyp алады керек деп ойлайсындар ма?*



ӘДЕПТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ЫРЫМДАР МЕН ТЫЙЫМ САЛУ СӨЗДЕРІ.

- *БІРЕУМЕН СӨЙЛЕСКЕНДЕ, БЕТІНЕ ҚАДАЛА ҚАРАП, ТАҚАЛЫП ТҰРМА.*
 - *БІРЕУМЕН СӨЙЛЕСКЕНДЕ, КЕРЕКСІЗ НӘРСЕНІ ҚАЗБАЛАП СҰРАЙ БЕРМЕ.*
 - *ӨЗІҢЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ СӨЗДІ ЕСТУГЕ ҚҰМАРТПА.*
 - *ДАСТАРХАН БАСЫНДА КӨП СӨЙЛЕМЕ.*
 - *ЖАМАН, БҰЗАҚЫ СӨЗДЕН ТЫЙЫЛ.*
 - *БІРЕУ БІРДЕҢЕ СҰРАСА, ОЙЛАНЫП, АНЫҚ ЖАУАП БЕР, АУЗЫҢА ТҮСКЕН СӨЗДІ АЙТА САЛМА.*
 - *ӨЗІҢ БІЛМЕГШЕНІҢДІ БАСҚАЛАРДАН СҰРАП АЛУҒА НАМЫСТАНБА.*
 - *ӘРКІМДІ БІР КЕМЕЛЕЖДЕП, МҰҚАТПА.*
 - *ҚОЛЫҢНАН КЕЛМЕЙТІН ІСТІ ТЫҢДЫРАМЫН ДЕП ЕШҚАШАН УӘДЕ ЕТПЕ.*
- Ал уәде бердің екен, қайткенде де орындауға тырысып бақ.*
- 

«Сөз»

«Сөз жан шуағы»

«Әділ»

«Сөз өмірдің ұлы қаруы»

«Өтірік сөз өрге баспайды»

«Сөз құдіретті»

«Сөйлесе білу де өнер»

«Жақсы сөз жан сүйсіндіреді»



*Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тип,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.*

*Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі — надан,
Бұл жұрттың, сөз танымас бір парасы.*

